
Мектептегі психологиялық қызметте ата-аналармен жұмыс бағытын тиімді ұйымдастыру әдістері

«Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін»

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев

Мақсаты:

1. Мектептегі психологиялық қызметте ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру әдістерін жүйелеу мен тарату.
2. Мектеп қабырғасында білім алушылар мен олардың ата-аналарының, мұғалімдердің, яғни білім беру саласына қатысушылардың психологиялық денсаулығын қорғау.

Міндеті:

1. Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек көрсетудің тиімді әдістерін ұйымдастыру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар).
2. Баланың жас ерекшелігіне байланысты әрбір даму сатысында ата-аналармен бірге тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
3. Мектеп оқушысының интеллектуалдық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету бағытында ата-аналармен психоағарту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық қызметтің жұмыс бағыттары:

- Түзету және дамыту жұмыстары: тренинг, музыкатерапия, арттерапия, саусақ жаттығулары, ойынтерапия, ертегітерапия, притчи (аңыз, мысал), құмтерапиясы, релаксация, гештальттерапия, рөлдік ойындар.
- Диагностикалық жұмыстар: тест, сауалнама, әңгімелесу, бақылау.
- Психоағарту; Кеңес беру: Қажетіне орай, конфиденциалды түрде, баяндама, ой бөлісу сағаттары, видеороликтер, мамандармен кездесу, дебат, әңгіме.

«Жүйелі жоспар құру арқылы дұрыс әрекеттерге жол ашылады, бұрыс кадамды болдырмайды» деген Г.А. Архангельский сөзіне сүйене келе:

1. Нормативтік құжаттарға сәйкес психологтың жылдық, айлық, апталық жұмыс бағыттары құрылып, мектеп директорымен бекітіледі (Бала құқығын қорғау Конвенциясы, Білім Заңын басшылыққа ала отырып)
2. Кеңес беру, диагностика-коррекциялық, топтық не жеке жұмыстарды тіркеу журналдары, қажеттілікке орай мінездемелер, психологиялық жұмыс хаттамалары уақтылы толтырылады. Зерттеу қорытындысы ата-ана-мұғалімге, қажетіне қарай балаларға да таныстырылып, ұсыныстар беріледі.

Мектеп психологының жылдық жұмыс жоспарын жүйелендіруде оқу жылының басында диагностикалық зерттеу, сырттай бақылау, бейімделу “Қауіпті топты анықтау”,

түзету жолдары, сонымен қатар Суицидтің алдын алу, әңгімелесу мен ағарту жұмыстары жолға қойылған. Қорытынды диагностикалау, Тренингтік сағаттар, жеке түзете-дамыту жұмыстары. Психологтың жылдық жұмысы. Мектепішілік, аудандық іс-шараларға (семинар)қатысу, салауатты өмір салтын насихаттау (Есірткі, темекі, ЖҚТБ және суицидтің алдын алу), ата-ана, мұғалімдермен жұмыс, “Қиын” және психикалық артта қалу байқалатын оқушылар, бастауыш сыныптар (МАД тобы -4 сынып, сонымен қатар оқушылардың үйіне барып, отбасының әлеуметтік-психологиялық жағдайын бақылау, ата-аналармен әңгімелесу т.б. кестеге не сұранысқа орай педкеңестерде және жиналыстарда есеп беру мен топтық не жеке жұмыстар қатары қамтылады.

Мектепке жаңа келген жас маманның педагогикалық ұжымға бейімделуі мен ата-ананың психологиялық тұрғыда білімін толықтыруда атсалысушы – мектеп психологы. Ол үнемі сынып жетекшілермен, мектеп әкімшілігімен, аудандық не аймақтық ПМПК қызметкерлерімен тығыз байланыста еңбек етуші.

Мектеп оқушыларымен жүргізілетін психодиагностикалық және коррекциялық жұмыс түрлеріне тоқталар болсақ: дамыту ойындары, мандала, арттерапия. Сонымен қатар, құмтерапиясы, проективті әдістемелер, көңіл -күйді көтеру тренингтерін атауға болады.

“Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады,”- деген ұлы педагог ғалым В.А.Сухомлинский сөзімен айтар болсақ, бала оқытқан мұғалім бала болып ойлайтыны, бала болып ойнайтыны анық.

“Өз үйінде бақытты адам ғана шын бақытты” дейді Л.Толстой. Бұл- шындық. Отбасы – бала тәрбиесінің тал бесігі, баланың психологиялық және физиологиялық тұрғыдан алғанда жеке тұлға болып қалыптасуында басты орта.

Мектепте ата-аналармен психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру әдістерінің нәтижесі бойынша, ата-ананың мектеппен байланысы арта түсуде және мектепте қолайсыз отбасы жоқ. Ұжымдағы психологиялық климат жоғарланып және кәсіби өсу артуда. Мектепішілік бақылауда есепте тұрған “қиын оқушы” саны 2020-2021 оқу жылында жоқ.

Бұл нәтижеге ата-аналармен бірлесе жұмыстанудың арқасында қол жеткізудеміз.